

БАЛА НЕГЕ АШУЛАНШАҚ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТҮРКІ ӘУЕНІ ӘУЕЛЕДІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Бүгінде көптеген шаруалар технологиялық жаңашылдықты (смарт-ферма, агродрон, жер серігі технологиясы және ЖИ) белсенді қолдана бастады. Бірақ жалпы ел көлемінде қандай да бір жүйелі өзгерістер болып жатыр деп айтуға әлі ерте. Жекелеген «ақылды» шешімдерден толық цифрландырылған агроөндіріске көшу керек. Әрбір шаруашылық цифрлық технологияларды пайдалануға ниетті болғаны жөн. Мемлекеттік қолдау өндіріске инновацияны, соның ішінде жасанды интеллект технологияларын енгізіп жатқан кәсіпорындарға берілуі қажет.

№140
(4884)
Бейсенбі
27 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ДӘРІГЕРГЕ ТЕГІН ҚАРАЛАСЫЗ

Жаңа жылдан бастап МӘМС жарнасы жұмыссыздар үшін де төленеді. Демек жұмыссыз адамдар да дәрігерге тегін қарала алады.

Бүгінде қазақстандықтардың шамамен 60 пайызы МӘМС жүйесіндегі жеңілдік санатына кіреді. Олар үшін жарнаны мемлекет төлейді. Ал 3,5 миллионға жуық адам, бұл шамамен халықтың 18 пайызға жуығы МӘМС жүйесінде тіркелмеген. Олардың шамамен 1 млн-ның әлеуметтік жағдайы дағдарыстық және шұғыл деңгей деп танылған. Бірақ олар да тегін медициналық көмекке жүгіне алады. 2026 жылы МӘМС жүйесіне шамамен 45 млрд теңгеден астам қаражат түседі. Оның 30 млрд-тан астамы – әлеуметтік осал топтағы азаматтар, 15 млрд теңгесі – жұмыссыздар үшін аударылатын жарналар.

ҚАУІПСІЗ КЕЛІСІМ

2026 жылдың 1 сәуірінен бастап үй мен көлік сатып алатын адамның атына тіркелмейінше, ақша берілмейді.

Ішкі істер министрлігі мен Цифрлық даму министрлігі жаңа «қауіпсіз келісім» жүйесін енгізуді жоспарлап отыр. Бұл жүйе арқылы үй не көлік сатып алғанда, сатып алушының ақшасы уақытша бұғатталып тұрады. Яғни, мүлік азаматтың атына толық аударылып, тіркелмейінше, сатушы ол ақшаны ала алмайды. Негізгі мақсат – алаяқтықты азайту және сатып алушының құқығын қорғау. Бұл жүйе 2026 жылдың сәуір айында сынақ ретінде іске қосылады.



ТҰРҒЫН АЛАПТАР ТҮРЛЕНІП КЕЛЕДІ

Байқоңыр ауданы әкімінің Өндіріс және Кирпичный елді мекендерінің тұрғындарымен кездесуінде тұрғын алаптарды көркейту жұмыстары талқыланды. Азаматтар алдымен қауіпсіздік, абаттандыру және жеке мердігерлердің аяқталмаған жұмыстары туралы мәселелерді алға тартты.



ЖАҢА ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Қытайлық компания Астанада қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыт салады. Бұл жаңалықты елорда әкімі Жеңіс Қасымбек жария етті.

Зауыт салу туралы қытайлық Shenzhen Energy Environment компаниясымен инвестициялық келісімге қол қойылған. Жоба қалдықтарды кәдеге жарату бойынша жоғары технологиялық кешен құруды көздейді. Құрылыс жұмыстары 2026 жылы басталып, 2029 жылға қарай аяқталады. Жаңа зауыт тәулігіне 1,5 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратып, 50 МВт электр энергиясын өндіруге мүмкіндік бермек.

ОҚУШЫЛАР РЕКОРД ЖАСАДЫ

Астаналық оқушылар Италияның Рим қаласында өткен халықаралық олимпиадада рекорд жасады.

Fibonacci International Robot Olympiad дүниежүзілік финалына 18 елден жиналған 623 команда қатысып, логика, инженерия және шығармашылық қабілет бойынша үздіктерді анықтады. 36 жүлде жиынтығы сарапқа салынған әлемдік додада Қазақстан командалары айқын басымдық көрсетіп, жалпыкомандалық есепте I орынды жеңіп алды. Бұл – еліміздің робототехника тарихындағы ең жарқын жетістіктердің бірі. Ең жоғарғы көрсеткіш - Қазақстан иеленген 19 алтын медальдің 17-сін астаналық оқушылар қанжығасына байлады.



№140 (4884) 27/11/2025 Бейсенбі





СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК САЛТАНАТЫ

Ақордада Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовті қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берді. Екі елдің әнұрандары шырқалған соң президенттер келіссөз өтетін залға барды. Одан кейін Мемлекет басшысы Түрікменстан Президентімен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЕЖЕЛДЕН ДОСТЫҒЫ ЖАРАСҚАН

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз Түрікменстанды стратегиялық серіктес және бауырлас мемлекет санайтынын жеткізді. «Бізді ғасырлардан жалғасып келе жатқан достық, ортақ тарих, тіл мен мәдениет біріктіреді. Мемлекеттеріміз арасындағы сауда-саттық, экономикалық ықпалдастықтың басқа да түрлері және мәдени-гуманитарлық байланыстар қарқынды дамып келеді. Екі ел серіктестігінің ауқымы мен сапасына көңіліміз толады деп айтуға негіз бар. Бұл ынтымақтастық стратегиялық сипатқа ие. Дегенмен алға қадам басу қажет. Күн тәртібінде өте маңызды мәселелер тұр. Бүгін олардың шешімін бірлесіп табамыз деп ойлаймын» деді Қазақстан Президенті.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны және қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. «Сізге түрікмен халқының Ұлт көшбасшысы, құрметті Гурбангулы Мяликгулыевич Бердімұхамедовтің сәлемі мен ізгі тілегін жеткізуге рұқсат етіңіз. Бүгінде Түрікменстан мен Қазақстанның қарым-қатынасы достық, бауырластық және тату көршілік қағидаттары негізінде дамып келеді. Өзара ықпалдастығымыз саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларды қамтиды» деді Түрікменстан Президенті.

Бұдан кейін келіссөздер екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты. Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын талқылады. Атап айтқанда, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және көлік-логистикалық ықпалдастық мәселелері қарастырылды. Энергетика, өнеркәсіп кооперациясы, ауыл шаруашылығы, IT, білім беру және медицина салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруға баса назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев шақыруын қабыл алып, Астанаға мемлекеттік сапармен келгені үшін Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтты.

«Қазақ пен түрікмен – ежелден достығы жарасқан туыс халықтар. Біздің тарихымыз және мақсат-мұратымыз – ортақ, мәдени-рухани құндылықтарымыз – бір. Біз Түрікменстанмен ынтымақтастықты тату көршілік және өзара қолдау рухында барынша нығайтуға айрықша мән береміз. Жарқын болашаққа бірге қадам басу үшін күш жұмылдырамыз. Бауырлас халықтарымыздың игілігі үшін стратегиялық серіктестікті нығайта түсеміз. Мен бұған кәміл сенемін» деді Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті екі ел арасында барлық деңгейде белсенді әрі табысты байланыс орнағанын атап өтті. Үкіметтеріміз жүйелі жұмыс жүргізіп, ведомствоаралық байланыс нығайып келеді. Елдеріміз көпжақты құрылымдар аясында нәтижелі қарым-қатынас жасайды. Мемлекет басшысының айтуынша, Астана мен Ашхабад-



тың өңірлік, халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша көзқарастары мен ұстанымдары ұқсас.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөздер барысында сауда-экономикалық ықпалдастыққа айрықша назар аударды. Соңғы 5 жылда өзара сауда көлемі 4 еседен асып, жарты миллиард долларға дейін ұлғайды. Қазақстанда түрікмен капиталы бар 140-қа жуық компания табысты жұмыс істейді. Осы арқылы аталған кәсіпорындар экономикалық байланысты нығайтуға зор үлес қосып келеді. Қазақстанның Түрікменстанға құйған инвестициясы 120 миллион доллардан асты. Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық байланыстың даму қарқынына тоқталды. Президент екі елдің мәдениет күндерін алма-кезек өткізу, көрнекті қайраткерлердің ескерткіштерін ашу шаралары қос халықтың мәдени-рухани мұрасына айтарлықтай үлес қосады деп санайды.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан мен Түрікменстанды Орталық Азиядағы стратегиялық серіктес мемлекеттер деп атады. «Мемлекеттерімізді ұрпақтан ұрпаққа аманат болып, көзіміздің қарашығындай сақтап келе жатқан ортақ тарихи тамырластық, мәдени-рухани ұқсастық, салт-дәстүріміздің жақындығы секілді құндылықтар біріктіреді. Саяси-дипломатиялық салада Түрікменстан мен Қазақстан жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша сындарлы ықпалдастық орнатқан. Атап айтқанда, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, энергетикалық тұрақтылықты нығайту, көлік байланысын ілгерілету, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және климат өзгерісіне қарсы күрес мәселелері бойынша ұстанымдарымыз ортақ» деді Түрікменстан Президенті.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Түрікменстан Президентінің елімізге сапары екіжақты ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашып, достық пен стратегиялық серіктестікті нығайтуға тың серпін беретініне тоқталды. Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов Бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Түрікменстан Президентін «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Салтанатты рәсімде Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедовтің жаңа тұрпаттағы беделді саяси қайраткер, Түрікменстанның әл-ауқаты жақсара түсті. Бұл жетістіктің бәрі шынайы құрметке және жоғары бағаға лайық» деді Президент.

Мемлекет басшысы Ашхабадтың дипломатия, бейбітшілік пен тұрақтылық мекені ретіндегі халықаралық беделі мен мәртебесін арттыру жолындағы Түрікменстан басшылығының күш-жігеріне ерекше тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Түрікменстанның 2025 жылды Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы деп жариялау туралы бастамасын БҰҰ Бас Ассамблеясының қолдауы елдің жауапты әрі белсенді ұстанымын көрсетеді. Мемлекет басшысы Түрікменстан Президентінің бауырлас елдер арасындағы достықты, өзара түсіністік пен стратегиялық серіктестікті нығайтуға қосқан үлесіне жоғары баға берді. «Қазақ-түрікмен қарым-қатынасының келешегі жарқын екеніне сенімдімін. Бүгінгі келіссөздер қорытындысы осыған айқын дәлел. Қол жеткізілген уағдаластықтардың табысты жүзеге асырылуы көп жоспарлы серіктестігімізге тың серпін беріп, қазақ-түрікмен ынтымақтастығының жылнамасындағы жаңа кезеңге жол ашатынына күмән жоқ» деді Мемлекет басшысы.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстанның ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және қазақстандықтарға алғыс айтты «Бұл марапатты Түрікменстан халқына көрсеткен құрметіңіз, елдеріміз арасында ғасырлардан жалғасып келе жатқан берік достық пен тату көршіліктің белгісі ретінде қабылдаймын. Екі мемлекет халықаралық аренада тығыз әрі нәтижелі ықпалдастық орнатқан. Ынтымақтастығымыз өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешуде өзара түсіністіктің, бірліктің және қолдаудың жоғары деңгейін көрсетіп келеді» деді Түрікменстан Президенті.

ОРТАҚ ТАРИХ БІРІКТІРЕТІН ЕЛДЕР

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Мемлекет басшысы Президент Сердар Бердімұхамедовтің қазақ жеріне мемлекеттік сапарының мәні айрықша деп санайтынын, Түрікменстан – Қазақстан үшін маңызды әрі сенімді серіктес, бауырлас ел екенін атап өтті. «Қос халықты шынайы достық, ортақ тарих пен рухани-мәдени құндылықтар біріктіреді. Осындай мызғымас тұғыры бар қарым-қатынасымыз стратегиялық әріптестік рухында қарқынды дамып жатыр. Екі ел арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог қалыптасты. Сауда-экономика саласындағы байланыс жылдан жылға күшейіп келеді. Мәдени-гуманитарлық бағыттағы ықпалдастық нығая түсті. Біз аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсене атсалысып келеміз» деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедов пен бауырлас түрікмен халқын Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығымен құттықтады.

«Бейтарап саясат жүргізу Түрікменстанның халықаралық аренадағы беделін биіктетіп, бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік қағидаттарына бейіл екенін көрсетті» деді Мемлекет басшысы.

Президент келіссөздер барысында екіжақты күн тәртібінің кең көлемді мәселелері талқыланып, ықпалдастықтың басым бағыттары белгіленгенін жеткізді. Әуелгі кезекте сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге назар аударылды. «Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында елдеріміз арасындағы тауар айналымы жыл сайын жарты миллиард доллардан асады. Биылғы көрсеткіштерге де көңіл толады. Құрметті Түрікменстан Президентімен бірге өзара сауда көлемін бір миллиард долларға дейін ұлғайту үшін қажетті шараларды қолға аламыз. Осы мақсатта Қазақстан тауар айналымын ұлғайту жөніндегі жұмыс жоспарын қабылдауды ұсынды. Екі елдің бизнес өкілдерін қолдау үшін Сауда үйлерін ашу туралы шешім қабылдадық. Сондай-ақ қос мемлекеттің қалалары арасында тікелей коммерциялық әуе рейстерін ашу мәселесін қарастыруға келістік» деді Президент.

КӨЛІК-ТРАНЗИТ ДӘЛІЗІ

Қазіргі уақытта көлік-транзит саласы стратегиялық басымдыққа ие. Бұл орайда Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізінің маңызды буыны ретінде Қазақстан – Түрікменстан – Иран теміржол бағдары ерекше рөл атқарады. «Биыл он айда тасымал көлемі бір жарым миллион тоннаны құрап, 14 пайыз ұлғайды. Тарифтерді оңтайландыру, әкімшілік үдерістерді жеңілдету шаралары қабылдануда. Шекара маңының инфрақұрылымы белсенді түрде дамып, өткізу бекеттері жаңғыртылып жатыр. Түрікменбашы – Гарабогаз – Қазақстан шекарасы бағыты бойынша жол инфрақұрылымдарын ұштастыру мәселесі біртіндеп шешілуде. Контейнерлік тасымалды жандандыру үшін Каспийдегі Ақтау, Құрық, Түрікменбашы порттарының көлік-логистикалық әлеуетін толық пайдалануға уағдаластық» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында Ауғанстан арқылы өтетін Оңтүстік Азия бағытындағы теміржол желісін тарту перспективасы қарастырылған. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы ықпалдастықтың маңызды саласы саналатынына тоқталды. «Қазақстан бидайын түрікмен нарығына жеткізу көлемін арттыруды егжей-тегжейлі талқыладық. Сонымен қатар өсімдік майы, макарон және ет-сүт өнімдерінің экспортын ұлғайтуға мүмкіндігіміз бар. Түрікменстан-Ауғанстан шекарасында астық терминалын салу перспективасын пысықтадық» деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, энергетика саласындағы бірлескен жобаларға баса мән берілген. Қазақстан түрікмен газын Қытайға тасымалдауда ұзақ жылдар бойы сенімді серіктес болып келеді. Бүгінгі келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар газды қайта өңдеу, көгілдір отын жеткізетін инфрақұрылымды дамыту жобалары аясындағы ықпалдастықты жалғастыруға уағдаласқан. Оған былтыр қол қойылған Газ саласын дамыту бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім негіз бола алады. Еліміз мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыру және IT технологияларды енгізу ісіндегі тәжірибесін ескере отырып, түрікмен тарапын аталған салада бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Бұдан кейін екіжақты қарым-қатынасты өрістетуде мәдени-гуманитарлық байланыстар ерекше орын алатыны айтылды. Келіссөздер барысында президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша ұқсас ұстанымда екенін растаған.

№140 (4884) 27/11/2025 Бейсенбі

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандардың құрылыс барысын аралап, бірқатар маңызды жобалармен танысты. Әкім ерекше назарды денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуға аударды. Оның айтуынша, соңғы жылдары елордада 21 медициналық нысан салынып, пайдалануға берілген. Олардың қатарында Ұлттық ғылыми онкология орталығы, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы, сондай-ақ қадамдық қолжетімділікті арттыру мақсатында ашылған емханалар жанындағы 19 филиал бар.



ауданында 250 орындық перинаталдық орталық пайдалануға берілмек. Сондай-ақ Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығында балаларға арналған 200 орындық травматология орталығының құрылысы басталды. Алдағы үш жылда жалпы саны 11 денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланып отыр. Олардың қатарында: Алматы ауданында перинаталдық орталық; жаңа заманауи көпсалалы аурухана; жаңа әрі толыққанды 6 емхана (екеуі – мемлекеттік); жедел медициналық көмек көрсететін 3 қосалқы станция бар, – деді Жеңіс Қасымбек.

Аталған жобалар медициналық көмектің қолжетімділігін арттырып, қала халқының денсаулығын қорғауға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі болмақ.

Дегенмен, тұрғындар санының жыл сайын артуына байланысты медициналық қызметке сұраныс та өсіп келеді. Осыған орай қалада мемлекеттік және жеке инвестициялар есебінен жаңа медицина ұйымдарының құрылысы қарқын алып жатыр.

– Жыл соңына дейін «Нұрлы жол» теміржол вокзалының жанында ауысымына 350 келушіні қабылдай алатын жекеменшік клиника ашылады. Бұл орталық тұрғындарға мемлекеттік тапсырыс бойынша қолжетімді медициналық көмек көрсететін болады. Ал келер жылы «Самұрық-Қазына» қорының қаржыландыруы есебінен №2 қалалық көпсалалы ауруханада қабылдау-диагностикалық кешеннің құрылысы аяқталуы күтіледі. Сондай-ақ Сарыарқа



ТҰРҒЫН АЛАПТАР ТҮРЛЕНІП КЕЛЕДІ





(Соңы. Басы 1-бетте)

Азаматтар алдымен қауіпсіздік, абаттандыру және жеке мердігерлердің аяқталмаған жұмыстары туралы мәселелерді алға тартты. Алғашқылардың бірі болып сөз алған тұрғын Чехоев және Арқалы көшелеріндегі кабельдің дұрыс тартылмағанын айтып, қазылған траншеялар ашық күйінде қалғандықтан, өтіп бара жатқан адамдарға қауіп төндіретінін жеткізді. Әкім мәліметтерді нақтылап, мердігерді қайта шақыру және кемшіліктерді жоюды жедел-дету туралы тапсырма берді.

– Аптаның соңына дейін уақыт береміз. Егер міндеттемелер орындалмаса, материалдар полицияға жіберіледі, – деді Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді.

Елді мекен тұрғындары көптен бері осы аудан аумағында аялдамалар орнатуды сұрап келеді. Алайда мамандар жолдың ені аялдаманы қауіпсіз орналастыруға мүмкіндік бермейтінін айтуда. Тұрғындардың сөзінше, Арқалы көшесіне бұрылатын жерде тоқтайтын автобусқа егде адамдардың мініп-түсуі өте ыңғайсыз, құлап кету қаупі бар. Аудан әкімі бұл мәселе әлі де бақылауда екенін атап өтті.

Кездесуде абаттандыру мәселелері де айтылды. Аудан әкімі өткен жылы аудан аумағындағы 132 аула, ал ағымдағы жылы 138 аула абаттандырылғанын, оның ішінде 116 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсе, 22 аула кешенді жұмыстар жүзеге асырылғанын, жаңа балалар және спорт алаңдары, шағын сәулет нысандары, жарықтандыру және көгалдандыру элементтері орнатылғанын атап өтті.

Аймақ тұрғындарын қауіпсіздік мәселесі қатты алаңдатады. Мәселен, ересек адамдар жұмысқа, балалар сабаққа баратын қарбалас уақытта Аққайың және Жолымбет көшелерінде көлік ағыны көп болады, ал балалар алаңы орналасқан Ырыс көшесі аса қауіпті көрінеді. «Сармат» моншасы маңындағы автотұрақ мәселесі де өткір тұр, оған келушілері жолды тарылтуда. Тұрғындардың айтуынша, заңсыз қоршау мен ретсіз тұрақ болғандықтан, тіпті автобуспен жүру қиынға соғады. Чехов көшесінің қиылысындағы жол ашылса, мәселе шешілер еді.

Үйсіз азаматтардың қыста «жылы» аялдамаларды тұрақ мекеніне айналдыруы, осындай адамдардың аялдама павильондарында түнеуі жиіледі. Тұрғындар қаланың барлық аудандарында шағын бейімделу пункттерін құруды қарастыруды ұсынды. Аудан әкімінің мәлімдеуінше, ағымдағы жылы аялдама кешендерін жаңғырту жұмыстары жалғастырылды. Ауданда 208 аялдама бар, оның 141 – і ашық, 56 – сы жабық, ал тағы 11 аялдама инвесторлар есебінен салынды, 2025 жылы жаңа форматтағы 14 аялдама орнатылды.

Кездесуде медициналық қызметтердің қолжетімділігі сөз болды. Бірнеше үйдің тұрғындары мамандарға жолдама алу үшін өте алыс орналасқан № 8 емханаға бекітілді, ол жерге бірнеше автобуспен ауысып бару керек, оларға № 2 емхана әлдеқайда жақын. Бұл ретте Денсаулық сақтау басқармасының өкілдері еркін тіркелу мерзімдері бар екенін және мәселені тек белгіленген науқан аясында қарастыруға болатынын түсіндірді.

– Биылғы жұмыстың маңызды бағыттарының бірі – су басқан учаскелер мәселесін шешу болды. Барлығы 2024 жылдан бастап 41 учаскеде проблемалар шешілді. 2025 жылы 21 учаске бойынша жұмыстар жүргізілді, – деді аудан басшысы.

Тұрғын үй кешендеріндегі жеделсатылардың жұмысы да өзекті. Бастамашыл топтың өкілі азаматтар лифттердің жай-күйіне алаңдайтынын және осы мәселені үйді жөндеу бағдарламасына қосуды талап ететінін жеткізді.

Аудан әкімінің айтуынша, биыл жалпы ұзындығы 9 шақырымнан асатын 7 көшеге, оның ішінде Кенесары, 191, Егемен Қазақстан, Чехоев көшелері және т.б. маңызды көлік артерияларына жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар, жалпы ұзақтығы 6 шақырымға жуық 21 көшеге фрезерленген материал төгілді, бұл жол жүруді жақсартуға және қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік берді.

Кездесу соңында Талғат Рахманберді аудандық билік тұрғындардың өтініштеріне жедел ден қоюға дайын екенін, бірақ көптеген мәселелер заңнамамен реттелетінін және меншік иелерінің келісімін немесе сот шешімдерін талап ететінін атап өтті.

Юлия ТЕН

Астанада Amanat партиясының әйелдер қанатының жиыны өтті. Онда қаладағы белсенді және бастамашыл әйелдер, мәслихат өкілдері, партиялық құрылымдар мен серіктес ұйымдардың өкілдері жиналып, өзекті мәселелерді талқылады. Бұл туралы мәслихат төрағасы Т.Зейнұлқабден әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТТЫ

Биыл елордада әйелдердің қатысуымен 80-нен астам әлеуметтік жоба жүзеге асырылған. Келер жылы бұл жұмыс жалғасып, әйелдерді қоғамдық үдерістерге одан әрі кеңінен тарту және олардың бастамаларын қолдау жоспарланып отыр.

«Қалаға қатысты маңызды шешімдерді қабылдауға әйелдер барған сайын белсенді қатысуда. Соның жарқын мысалы – елордалық мәслихаттың 34 депутатының 11-і әйелдер. Бұл әйелдер көшбастылығының нығайып келе жатқанын және олардың үлесі елорданың дамуының маңызды бөлігіне айналғанын көрсетеді» деп жазды Табиғат Зейнұлқабден.



ҚАЛАДАҒЫ АХУАЛ БАҚЫЛАУДА

Астанада күз-қыс маусымына тән жедел респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) кезеңі басталды. Қалада сырқаттанушылар саны біртіндеп өсіп келеді. Бұл жыл сайын қайталанатын табиғи эпидемиологиялық кезең болғанымен, дәрігерлер ата-аналарға сақтықты күшейтуді ескертуде.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

№3 көпбейінді қалалық Балалар ауруханасының бөлім меңгерушісі Абайдахар Талантұлы қазіргі жағдайға байланысты түсініктеме берді.

Оның айтуынша, елорданың барлық емханаларында, соның ішінде балаларға арналған фильтрлік кабинеттерде жұмыстың қарқыны күшейген. Күні бойы келушілер легі азаймайды. Дәрігерлердің басты талабы – вирус белгілері байқалса, дереу фильтрлік кабинетке жөнелту. Себебі алғашқы белгілерді жеңіл қабылдау немесе үйде ұзақ уақыт ем жасау – аурудың асқынуына әкелетін негізгі факторлардың бірі.

«ЖРВИ мен тұмауды шатастыру, сондай-ақ тұмауға арналған антибиотиктер мен ауыр препараттарды кез келген вирустық белгілер кезінде қолдану жиі кездеседі. Жай вирустық инфекция кезінде мұндай дәрілердің ешбір тиімділігі жоқ. Олар ауруды емдемейді, керісінше баланың жағдайын қиындатуы мүмкін. Сонымен қатар ата-аналар көбіне дене қызуын түсіретін дәрілерді дұрыс мөлшермен бермейді. Мұндай препараттар баланың жасына және салмағына сәйкес есептелуі қажет. Дозаның көп немесе аз болуы ағзаға қосымша салмақ түсіреді. Дәрілер әр алты сағат сайын ғана берілуі тиіс. Ал температураны 38,5°-қа жеткенде ғана түсіру керек. Оның алдында ағза вируспен өздігінен күреседі. Тек тырысу синдромы бар балаларда бұл көрсеткіш 37,5°-тан аспауы тиіс – бұл топтағы балалар ерекше бақылауды қажет етеді» дейді Абайдахар Талантұлы.

Маманның пікірінше, вирустың алдын алған абзал. Көпшілік жиналған жерлерде маска тағу, үйге сырттан келгенде қолды жақсылап жуу, бөлмені жиі желдету, сұйықтықты көп ішу, дұрыс тамақтану керек. Бұл қарапайым талаптар ЖРВИ таралуының негізгі тізбегін үзіп, вирустың ағзаға түсу қаупін айтарлықтай төмендетеді.

Дәрігерлер ЖРВИ белгілері пайда болғанда ең тиімді шешім бірден учаскелік дәрігерге немесе фильтрлік кабинетке баруға кеңес береді. Егер дене қызуы ұзақ уақыт түспесе, жедел жәрдем шақыру қажет. Бұл әсіресе үш жасқа дейінгі балалар, созылмалы ауруы барлар, иммунитеті төмен топтағы балалар үшін өте маңызды.

Астанадағы ЖРВИ ахуалы бақылауда болғанымен, қауіп толық сейілген жоқ. Әрбір ата-ана маусымдық вирусқа салғырт қарамай, алғашқы белгіден бастап дұрыс әрекет етсе, аурудың ауыр түрлеріне жол бермеуге болады.



№140 (4884) 27/11/2025 Бейсенбі

ЕЛОРДА – ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІҢ ТІРЕГІ

Астана қаласының прокуратурасы елорда әкімдігімен бірлесіп «Қамқорлық пен Заң» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін Ашық есік күнін өткізді. Іс-шара мақсаты – азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, әлеуметтік қолдау тетіктерін түсіндіру және мемлекеттік органдармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беру.

Райхан РАХМЕТОВА

Ашық есік күніне қалалық денсаулық сақтау басқармасы, қалалық тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы, Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті, қалалық полиция басқармасы, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының өкілдері мен 4 жұмыс беруші кәсіпорын қызметкерлері қатысты. Осы арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды тек құқықтық салада қиындықтарына қоса жұмысқа орналасу мәселесінің де шешімін табу көзделді.

– Бұл жоба қалалық прокуратура арқылы жүзеге асырылуда. Бүгін шамамен 100-ден аса мүгедектігі бар адамдарды қабылдауды көздеп отырмыз. Бәріне алдын ала хабардар етілді. Бұдан әрі де жоба жалғасын табады, – деді Астана қаласы прокуратурасының басқарма прокуроры Арайлым Оразова.



Астана қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Болат Жұмаділдің айтуынша, бүгінде елордада 38 мыңға жуық мүгедектігі бар азаматтар тұрады.

– Оларға жеке жағдайына сәйкес заң талабына қарай көмек беріледі. Мүмкіндігіне қарай дәрігері қандай жұмыс істеуге рұқсат берсе, сол бойынша еңбек етіп, табыс таба алады. Бізге олар көбіне арба, жөргек, таяқ және басқа да керек құрал-жабдықтарды алу бойынша өтініммен жүгінеді. Жергілікті бюджеттен мүгедектік тобына сәйкес жылына бір рет әлеуметтік көмек беру қарастырылған. 1-топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 20 АЕК, 2-топтағы мүгедектігі бар жандарға – 10 АЕК, содан кейінгі топ бойынша 5 АЕК көлемінде қаржылай көмек беріледі, – деді Б.Жұмаділ.

Акция барысында түрлі сұрақтармен келген мүгедектігі бар елордалықтар өздерін толғандырған мәселелерін тиісті мамандарға сұрақ етіп қойып, нақты жауаптар алды. Мамандар азаматтарды қабылдап, әлеуметтік қорғау, медицина, білім және жұмыспен қамту салалары бойынша кеңес, тегін консультациялар берді. Құқық тақырыбында жадынамалар таратылды. Сонымен қатар жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері, оңалту, емделу және басқа да әлеуметтік мәселелер бойынша тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Прокурорлардың айтуынша, бұл – тек формалды іс-шара емес, азаматтардың құқығын қорғаудағы нақты қадам және қоғамдағы әр адамның өмір сапасын жақсартуға бағытталған шынайы қамқорлықтың көрінісі.

АПАТТЫ УЧАСКЕЛЕРДІ ТЕКСЕРДІ

Полицейлер жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу барысында Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев көше-жол желісінің апатты учаскелерін тексерді.



Жыл басынан бері Астанада 1700-ден астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Іс-шараны өткізу кезінде 2453 жол жүрісі қағидасын бұзу дерегі анықталды, оның 131-іне жүк көліктерінің жүргізушілері жол берген. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында полицейлер жол жағдайына тәулік бойы мониторинг жүргізеді. Ол үшін көше бейнекамералары, смарт-жетондар, автопатрульдердегі камералар сияқты кешенді құралдар пайдаланылады. «Бірыңғай дрондар инфрақұрылымына» ерекше назар аударылған, оның аясында жол қозғалысын әуеден бақылау ұйымдастырылады.

– 2020-2024 жылдар аралығында айналма жолдың – Қарағанды тасжолынан Көкшетау тасжолына дейінгі учаскесінде 89 жол-көлік оқиғасы орын алса, оның салдарынан 16 адам қаза тауып, 102 адам жарақат алған. Аталған учаске Алматы – Екатеринбург халықаралық транзиттік бағытының бөлігі болып табылады. Жол-көлік оқиғалары көбіне қарсы бағытқа шығу, қауіпті маневр жасау және жылдамдық режимін арттыру салдарынан орын алған. Қауіпсіздікті арттыру мақсатында тұтас жолақтың ұзындығы ұлғайтылды, жылдамдықты төмендету белгілері орнатылды, «Сергек» камералары енгізілді, сондай-ақ белгіленген жылдамдықты шамадан тыс асырғандарды тіркейтін «Екин – Патруль» экипаждары жұмысы жолға қойылды. Қабылданған шаралар нәтижесінде 2025 жылы осы учаскеде адам өлімімен аяқталған жол-көлік оқиғасы тіркелген жоқ, – деді Марат Төлебаев.

Сонымен қатар биыл жеті жол қиылысындағы бағдаршамдардың жұмыс режимі өзгертілді. Жол-көлік оқиғаларын талдау нәтижесі бойынша режим түзетілгеннен кейін ЖКО саны азайған. Енді қызыл сигнал барлық бағыттар үшін 4 секундқа бір мезгілде жанатын болады, маневрді жасауға қауіпсіз аяқтауға және жол қиылысын босатуға мүмкіндік береді. Мысалға, Қараменді би Шақақұлы мен Земляничная көшелерінің қиылысында бұған дейін 28 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бағдаршам режимі өзгертілгеннен кейін мұнда жол-көлік оқиғасы фактісі орын алмаған. Әрбір жол-көлік оқиғасы жеке талданады, жол параметрлері мен жағдайы зерттеледі, кейін жол инфрақұрылымын түзету бойынша шаралар қабылданады. Сондай-ақ осындай ЖКО-лардың қайталануына жол бермеу үшін ЖКО орын алған жерлерде де, қаланың басқа көшелерінде де құқық бұзушылықтарды заманауи техникалық кешендер арқылы тіркеу күшейтілуде. Елорда полициясы жол қозғалысы ережелерін сақтау – сіздің және айналаңыздағы адамдардың қауіпсіздігінің кепілі екенін ескертеді.

ТЕРГЕУШІГЕ ҚАЖЕТ ЖАҢА ҚҰРЫЛҒЫ

ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының докторанты, экономикалық тергеу қызметінің майоры Ербол Құрманбаев тергеушінің жұмысын ыңғайлы, қауіпсіз және тиімді ету мақсатында жаңа құрылғы ойлап тапты. Аталмыш жоба тергеу әрекеттерінің сапасын арттыруға бағытталған.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ




Жаңа құрылғы – GPS және «Е-қылмыстық іс» платформасындағы планшетпен жабдықталған тергеуші үшін мобильді портативті чемодан-үстел. Күрделі және қолжетімсіз жерлерде тергеушілердің жұмысын айтарлықтай жақсартатын инновациялық модель.

«Жаңа мобильді портативті чемодан-үстел – тергеуші үшін жұмыс үстеліне оңай айналатын көпфункционалды құрылғы. Оның құрылымында жұмыс шарттарына бейімделуге мүмкіндік беретін реттелетін механизмдер қарастырылған. Чемодан тергеушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның орналасқан жерін бақылауға арналған GPS-навигациямен жабдықталған, сонымен қатар электрондық хаттамаларды жедел жасау үшін «Е-қылмыстық іс» платформасындағы планшетпен толықтырылған. Тікбұрышты формадағы чемодан реттелетін бөлімдермен жабдықталған, бұл қажетті жабдықтарды (қаламдар, қарындаштар, сызғыштар, бланктер және басқа тергеу құралдары) сақтау үшін жеткілікті орын ұсынады. Ал GPS-навигациясы құрылғы чемоданның орналасқан жерін қадағалап, оның ішіндегі материалдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және тергеушіге оны жоғалтқан немесе ұрланған жағдайда жедел табуға мүмкіндік береді» дейді жоба авторы Ербол Құрманбаев.

Инновациялық артықшылығына келсек, бұл тергеуші үшін ең қиын жағдайларда, мәселен, қашықтықтағы жерлерде тергеу әрекеттерін жүргізу мәселесін шешеді. Атап айтқанда, тауларда, ормандарда, жолдарда, бос немесе тастанды ғимараттарда немесе контрабандалық контейнерлерде де іске қосылады. Бұған дейін мұндай құрылғылар көбінесе фото және бейнемазмұнды фиксациялау немесе заттай дәлелдерді қаптауға арналған, алайда GPS және электронды планшеттердің болмауы тергеушінің жұмысындағы маңызды аспектілерді ескерусіз қалдырды. Жаңа модель бұл мәселелерді шешіп, тек іздерді жақсырақ фиксациялауды ғана емес, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, процестік әрекеттердің жылдамдығын арттырады.

«Бұл жаңалық әртүрлі жағдайларда пайдалану үшін таптырма құрал. Чемоданның арнайы материалы оның жеңілдігі мен беріктігін қамтамасыз етеді, бұл комплектіні кез келген жағдайда тасымалдауға мүмкіндік береді» дейді ҚР ҚМА аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкіл, докторант Ербол Құрманбаев.





ТҮНДЕ ҚАДАҒАЛАУДЫ КҮШЕЙТТІ

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және қараусыз қалуды болдырмау мақсатында полиция қызметкерлері жергілікті атқарушы органдар мен прокуратура өкілдерімен бірлесіп, құқық бұзушылықтардың жолын кесуге және балалар мен жасөспірімдер арасындағы профилактиканы күшейтуге бағытталған рейдтік іс-шара өткізді.

Рейдтің негізгі мақсаты – түнгі уақытта кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінсіз тұрғын үйден тыс жерде, сондай-ақ ойын-сауық орындарында жүру фактілерін анықтау болды. Соның барысында саябақтар, скверлер, көшелер, сауда-ойын-сауық орталықтары және жастар көп жиналатын өзге де орындар тексерілді. Нәтижесінде ойын-сауық орындарының бірінде ересектердің қарауынсыз жүрген үш кәмелетке толмаған жасөспірім анықталды. Олардың заңды өкілдеріне қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабы 2-бөлігі бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылды. Биылғы жылдың басынан бері елордада осыған ұқсас 7 мыңнан астам дерек тіркелген.

Сонымен қатар түнгі уақытта өз мекемесінде кәмелетке толмағандардың болуына жол берген ойын-сауық орнының иесіне қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 132-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылатын болады. Елорда полициясы ата-аналар мен заңды өкілдерді балаларға бақылауды күшейтуге, жауапкершілік танытып, әсіресе түнгі уақытта кәмелетке толмағандарды қараусыз қалдырмауға шақырады.

БАЛА НЕГЕ АШУЛАНШАҚ?

Бүгінде Астана қаласындағы психологиялық қолдау орталықтарына жүгінетін тұрғындардың саны айтарлықтай артты. Әсіресе жасөспірімдер арасындағы психологиялық қиындықтар, әлеуметтік қысым, мектептегі буллинг, ата-ана мен бала арасындағы түсіністеушілік ең жиі көтерілетін мәселелердің қатарына еніп отыр. Осы мәселе бойынша Нұра ауданы бойынша балаларға және ата-аналарға көмек көрсететін кеңес беру кабинетіне барып, ондағы мамандармен тілдесіп қайтқан едік.



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

БУЛЛИНГ ДЕГЕН БҮЛІК ТОҚТАМАЙ ТҰР

Аталмыш орталық қала бойынша психологиялық көмек көрсетуді жүйелі түрде жүзеге асырады екен. Күн сайын орта есеппен 15 шақты өтініш түседі. Олардың әрқайсысы тиісті маманға жіберіліп, дер кезінде қарастырылады. Өтініш мазмұнына қарай келушілерді арнаулы мамандарға бөледі. Мәселен, жеңіл және орта деңгейдегі психологиялық мәселелер – жалпы психологтар қарауына, ал күрделі, клиникалық сипаттағы жағдайлар арнайы мамандардың қарауына жөнелтіледі.

«Ең өзекті мәселенің бірі – буллинг. Жаңа оқу жылы басталғалы бері осы тақырып бойынша кем дегенде аптасына 3-4 өтініш түседі. Буллинг жоғарғы сыныптарға ғана емес, төменгі сынып оқушыларына да әсер етіп отыр. Орталық тарапынан біз мектептерге барып түсіндіру жұмысын жүргізіп, ата-аналар мен педагогтарға жеке консультация жүргізіп, ағарту жұмысын өткіземіз. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда, орталықтың мобильді тобы шұғыл шақырту бойынша алғашқы психологиялық көмек көрсетуге шығады. Бұл топ дағдарыс жағдайында тұрған адамды тыныштандыруға, қауіпсіз орта қалыптастыруға және әрі қарай мамандандырылған көмекке жолдама беруге бағытталған» дейді педагог-психолог Айдана Қорабаева.

Оның айтуынша, жасөспірімнің жағдайын жақсартуда тек оның өзі емес, оның айналасындағы орта – ата-анасы мен мұғалімі де маңызды рөл атқарады. Осы себепті орталықта ата-аналармен және мұғалімдерге де кәсіби кеңес беріледі. Баланың мінезіндегі өзгерістер, күйзеліске бейімділік, мотивацияның төмендеуі, аутодеструктивті белгілер байқалған жағдайда ата-аналарға дереу маманға жүгінуге кеңес беріледі. Мұндай мәселелерді ертерек анықтау баланың өміріндегі үлкен қиындықтардың алдын алады.

ЕРКЕЛІК ЕМЕС, КҮРДЕЛІ СЕБЕП

Көптеген ата-ана баланың ашуланшақ мінезін байқап, оған алаңдайтыны жасырын емес. Бірі мұны еркелікке баласа, енді бірі мінездің бұзылуы деп қабылдайды. Психологтардың айтуынша, бұл – шын мәнінде күрделі себептің белгісі. Бұл табиғи даму кезеңінен бастап психология немесе тұрмыс факторларына дейін байланысты болуы мүмкін.

«Бала өсіп келе жатқанда түрлі дағдарыс кезеңінен өтеді. 3 жас дағдарысы, 6-7 жастың сезімтал шағы, 10-11 жастағы өтпелі кезеңге жақын эмоциялық құбылу – бәрі ашуланшақтықпен қатар жүруі мүмкін. Бұл – табиғи процесс, бірақ дұрыс түсініп, қолдау көрсету маңызды. Айта кеткен жөн, ұйқының жетіспеуі баланың жүйкесін әлсіретіп, кез келген ұсақ нәрсеге ашулануына себеп болады. Баланың жасына сай ұйқы нормасының сақталмауы оның мінезіне тікелей әсер етеді. Ата-анасының махаббатына, жылы сөзге, бірге өткізетін уақытқа зәру бала да ашуланшақ болып келеді. Ол ашуы арқылы назар аудартуға тырысуы мүмкін. Бұл жерде басты себеп – эмоционалды байланыс тапшылығы» дейді орталықтың психолог-педагогы Индира Қайрақбаева.

Оның пікірінше, үйде стресс, айқай, жиі жанжал болса, бала оны ішке жинап, кейін ашу арқылы шығарады. Балалар үлкендердің мінезін қайталап, дәл сондай реакциялар көрсетеді. Яғни олар біз көрсеткен эмоцияны өзінде де қалыптастырады.

АТА-АНАНЫҢ ҚАТЕЛІГІ

Біз барған кезде психологтардың бірі Диана есімді жасөспіріммен әңгімелесіп отыр екен. Күйзеліске түскен оқушымен ғана емес, оның анасымен де жеке қабылдау жүргізді.

«Ата-ананың баланың көзінше бір-бірімен жанжалдасуы оның нәзік психикасына терең қорқыныш ұялатады. Үй ішінде айтылған ауыр сөздер мен агрессивті әрекеттер бала үшін қауіпсіздік сезімін бұзып, әлемге деген сенімін әлсіретеді.Осындай ортада өскен жасөспірім болашақта отбасы құруға күмәнмен қарап, қарым-қатынастан қауіп іздеуі әбден мүмкін. Әсіресе әкеге немесе анаға деген сенімсіздік қалыптасып, эмоционалды жақындықтан қашықтау орын алады. Сондықтан ата-ана дауының бала санасында жараға айналмауы үшін өзара сыйластық пен сабырды ең басты құндылық ету өте маңызды» дейді Айдана Ерденқызы.

БАЛАНЫ ЕШКІММЕН САЛЫСТЫРМАҢЫЗ

Мамандардың айтуынша, баланы басқа балалармен салыстыру оның өзіндік бағасын төмендетіп, ішкі құндылығын әлсіретеді екен. Мұндай сөздер баланың «мен жеткіліксізбін» деген теріс сенім қалыптастыруына себеп болады. Салыстыру жиілеген сайын бала өз күшіне сенбей, қорқатын күйге түседі. Сондықтан әр баланың жеке қабілетін көріп, оны өз жетістігімен өлшеу – оның психикасына ең пайдалы қолдау. Баланың жанын тыныштандыратын ең мықты құрал – ата-ананың жылы дауысы мен махаббаты.


«Сыныптағы қысым, достарымен түсіністеушілік, мұғаліммен қарым-қатынастағы қиындықтар – барлығы үйдегі эмоциялық жарылысқа алып келеді. Бала сыртта жиналған стресті үйде шығарады. Балаға жиі жекіп сөйлеу, ұялту, салыстыру, «болмайсың» деп айту оның өз-өзіне деген сенімін төмендетеді. Оны түсінбеген бала агрессия арқылы өзін қорғауға тырысады» дейді Индира Тоғайбайқызы.

P.S: ***Жасөспірімдердің психологиялық саулығын сақтау – тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Бала өзін жайлы сезінген кезде ғана оның оқу процесі, тұлғалық дамуы, әлеуметтік ортаға бейімделуі дұрыс қалыптасады. Яғни жылы сөз бен түсіністік баланың мінезін қалыпқа келтіретін ең мейірімді күш екенін тағы бір мәрте түсіндік.***

ПСЕВДОПСИХОЛОГТАРҒА ҚАЛАЙ ТЫЙЫМ САЛАМЫЗ?

Қазіргі таңда Қазақстанда психологиялық көмекке сұраныс айтарлықтай артып отыр. Бұл үрдіс қоғамның дамуына оң әсер еткенмен, тиісті заңнамалық және кәсіби бақылау болмаған жағдайда, психологтар мен коучерлер қызметінің реттелмеуі азаматтардың психикалық және әлеуметтік қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін.

Соңғы жылдары көптеген азаматтар психолог немесе коуч қызметін көрсететін, бірақ кәсіби білігі жоқ тұлғалардан зардап шеккені туралы жиі шағымдануда. Мұндай жағдайларда жеке өмірге қол сұғушылық, құпия ақпараттың таралуы, эмоционалдық және отбасылық күйзеліс сияқты салдарлар орын алып отырғаны белгілі. Бұл халықтың әл-ауқатына ғана емес, жалпы отбасы институтына және ұлттық қауіпсіздікке де кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар псевдопсихологтар мен кәсіби білігі жоқ коучерлердің әрекеті халық арасында әлеуметтік және отбасылық тұрақсыздыққа алып келіп жатқан нақты жағдайлар да артып келеді. Осыларға қоса, кейінгі уақытта өздерін «психолог емеспіз, психосоматикамен айналысамыз» деп таныстыратын топтар да пайда болып, түрлі курс өткізіп, өз бетінше сертификат таратуда. Ғылыми негізсіз және тәжірибеден өтпеген мұндай тәсілдер азаматтардың психикалық саулығына, отбасылық тұрақтылық пен қоғамдық санаға зиян келтіруде. Себебі мұндай псевдосарапшылардың кейбірі сан ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарға қарсы пікірлерді ашық айтуда. Олар дін қағидаларын өз бетінше тәпсірлеп, дәстүр мен дін арасындағы тепе-теңдікті бұзып, адамдарды адастыруда. Нәтижесінде отбасында түсінбеушілік, діни және мәдени қақтығыс көбейіп, ажырасу деңгейі артып отыр. Мысалы, отбасылық кеңес беруді сылтауратып, «Жұбайыңызды қалай өзгертуге болады?», «Балаңызды басқару әдістері», тіпті «Ажырасу – жаңа өмірдің басы» секілді радикалды көзқарасты насихаттаушы «мамандардың» әсерінен айрандай ұйып отырған қаншама отбасының шаңырағы шайқалды.



Көптеген жағдайда бала тәрбиесіне қатысты теріс нұсқаулар беріліп, эмоциялық зорлық-зомбылық элементтері кеңес формасында ұсынылады. Мұндай кеңестердің нәтижесінде ата-аналар мен балалар арасында сенім жоғалып, психологиялық жарақат пен жанұялық байланыстардың үзілуі жиілеп отыр. Сонымен қатар «бизнес бастаймыз», «қаржылық еркіндікке жетелейміз», «сананы бағдарламалау арқылы миллионер боласың» деген ұранмен жалған коучтар азаматтарды несие алуға итермелеуде. Көптеген адам осының нәтижесінде қаржылық күйзеліске ұшырап, қарызға батып, жеке өміріне, отбасына кері әсерін тигізуде.

Ағымдағы жағдай және негізгі мәселелерге тоқталсақ, Қазақстанда жеке практикамен айналысатын психологтар мен коучерлердің нақты саны белгісіз, себебі бірыңғай тіркеу немесе лицензиялау жүйесі жоқ. «Психолог» немесе «коуч» атауын мамандыққа сәйкес келмейтін, қысқа мерзімді курстан өткен адамдар да еркін қолдануда. Құпияны сақтау, клиентке зиян келтіру, эмоционалдық манипуляция жасау секілді теріс тәжірибелерге қатысты нақты жауапкершілік тетіктері белгіленбеген. Психологиялық және коучинг қызметінен түсетін кірістер бүгінгі таңда нақты есепке алынбайды, себебі олардың көпшілігі жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген, онлайн және оффлайн кеңес берулер бейресми түрде жүргізіледі, қолма-қол немесе мобильді төлемдер арқылы алынатын табыс жиі декларацияланбайды. Ал бұл өз кезегінде салықтық әділетсіздік пен көлеңкелі экономиканың ұлғаюына себеп.

Халықаралық тәжірибеге жүгінсек, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде психолог пен коучтардың қызметі заңмен нақты реттелген. АҚШ, Австралия, Еуропа елдерінде бұл салада кәсіби білім, тәжірибе, лицензия және этикалық нормалар міндетті түрде талап етіледі. Психологтар тиісті кәсіби кеңестер мен агенттіктерде тіркеліп, лицензия негізінде ғана жұмыс істеуге құқылы. Коучинг саласында да халықаралық ұйымдар (ICF, EMCC) арқылы біліктілік, этика және сертификаттау талаптары бекітіліп, қатаң стандарттар енгізілген. Көптеген елде мұндай мамандардың кәсіби мәртебесі ашық реестрлерде тіркеліп, қоғамға қолжетімді. Осыған байланысты төмендегі нақты ұсыныстарды қарастыруды сұраймыз:

1. «Психологиялық, психосоматикалық және коучингтік қызметтер туралы» заң қабылдау, лицензиялау және кәсіби тіркеу тетігін енгізу, «психолог», «психосоматик», «коуч», «ментор» атауларын тек тиісті білімі және кәсіби білігі бар мамандарға ғана қолдануға құқық беру.

2. Психологтар мен коучтердің бірыңғай ұлттық реестрін құру, яғни әрбір тіркелген маманның аты-жөні, білімі, лицензия нөмірі, сертификаттары көрсетілетін ашық электронды платформа жасау, сол арқылы қоғам мүшелерінің сенімді маманды таңдауына мүмкіндік беру.

3. Этикалық кодекс және құпияны сақтау талаптарын заңдастыру арқылы клиенттің жеке деректерін қорғау, ақпаратты рұқсатсыз жариялламау міндеттерін құқықтық жауапкершілікпен бекіту және этика бұзушылықтарына қатысты шағымдарды қарайтын тәуелсіз комиссия немесе психологиялық омбудсмен институтын енгізу.

4. Табыс пен салық ашықтығын арттыру үшін жеке психологтар мен коучерлерге салықтық есеп беру және декларациялауды міндеттеу, мемлекеттік кіріс органдары тарапынан цифрлық мониторинг құралдарын пайдалану (QR-чек, POS-тіркеу, т. б. арқылы).

